

Л. 2005

12536r

Жаңа оқулық

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ

ӘЛЕМ
ӘДЕБИЕТІ

II

Хрестоматия

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

(XIX-XX ғасырлар)

Хрестоматиялық оқу құралы

Екінші кітап

“Арыс” баспасы
Алматы
2004

ББК 83.3(О) я 73
Ә-52

Пікір жазғандар:

М.Х. МАДАНОВА,
филология ғылымдарының докторы, профессор

К.И. МИРЗОЕВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ә-52 Әлем әдебиеті (XIX-XX ғасырлар). Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. — Алматы: “Арыс” баспасы. 2004. — 168 бет.

ISBN 9965-17-203-X

Әлем әдебиетін жоғары оқу орындарында мемлекеттік қазақ тілінде оқытуды жүзеге асыру мақсатында тұңғыш рет жарық көріп отырған бұл оқу құралына Еуропа, Америка құрлықтарындағы халықтар (неміс, ағылшын, француз, поляк, венгер (мадияр), чили (испан), американдық) ақын-жазушыларының шығармалары енгізіліп отыр. Кітапқа енген туындылар көркем аударма шығармашылық дәстүрінің өркениеттер байланыстарын-дағы тағылымын аңдатады.

Оқу құралы студенттерге, әлемдік мәдени мұраларға құмар оқырман қауымға арналған.

ББК 83.3(О) я 73

Ә $\frac{4603000000}{446(05)-04}$

ISBN 9965-17-203-X

© “Арыс”, Тебегенов Т., 2004

ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТІ – АДАМЗАТТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ОРТАҚ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ

Дүниежүзіндегі барлық халықтардың тарихымен бірге пайда болып, қалыптасып, дамып, сақталып келе жатқан рухани мәдениеттің елеулі саласы – фольклор мен әдебиет мұралары. Планетамыздағы барлық халықтардың сөз өнері қазынасын құрайтын туындылар адамзатқа ортақ гуманистік ізгі мұраттарды танытады. Дүниежүзі халықтарының әр түрлі көлемдегі сөз өнері үлгілері бар. Тарихтың даму қозғалысы жүйесінде саналуан байланыстар, ықпалдастықтар процесі де жүріп жатады. Бұл - өркениеттер арасындағы тарихи-мәдени байланыстардың қалыптасқан заңдылығы. Байырғы түркі өркениеті мен оның арғы-бергі дамуындағы жалғасқан дәстүрлі жол әлемнің әр түрлі аймақтарына белгілі дәрежеде ықпалдарын тигізгені – тарихтың ақиқаты. Әрине, Аттіла басқарған ғұндар билігінің (434-452 жж.) Еуропадағы халықтар мәдениетінің қалыптасуына, дамуына елеулі негіз қалағаны анық. Ғұн тайпалары одағының Шығыс Рим империясына (443, 447-448 жж.), Галлияға (451 ж.), Солтүстік Италияға (452 ж.) жасаған жорықтары бірнеше халықтардың араласа сіңісіп қалыптасуына негіз қалады. Ғұндар мекендеген Еуроазияның географиялық кеңістігінде олардан кейін өмір сүрген халықтардың арасында этникалық араласу, өзара сіңісу жағдайлары жүрді. Еуропадағы халықтардың көп ғасырлар бойы қалыптасу, даму тарихы олардың әрқайсысының дербес халықтық-ұлттық даралық сипаттарын белгіледі. Алайда ғұндар мәдениетінің сілемдері Еуропа өркениетінде сақталды. Бұл, әрине, арнайы зерттеуді қажет етеді.

Байырғы түркі өркениетінің Азия, Еуропа халықтары мәдениеттерімен өзара ықпалдасу, араласу қозғалысы ғасырлар бойы үздіксіз жүріп келеді. Бұл процестің белсенді қозғалыста болған кезеңі – XII-XIV ғ.ғ. Бұл ғасырлардағы түркі және көрші халықтар, құрлықтар мәдениеттерінің өзара ықпалдасуында мынадай мемлекеттік құрылымдар айрықша ықпалды қызмет атқарады:

1. XIII-XV ғ.ғ. Алтын Орда (Дешті-Қыпшақ) мемлекеті. Бұл – қазақ өркениетінің айқындалған кезеңі.

2. XII-XIV ғ.ғ. Байбарыс (Бейбарыс) және т.б. мөмлүк қыпшақ сұлтандары басқарған Арабстандағы Қыпшақ (қазақ) мемлекеті.

3. XIV-XVI ғ.ғ. Үндістандағы Захираддин Бабыр және оның ұрпақтары басқарған Ұлы Моғолдар империясы.

4. XIV-XX ғ.ғ. Азияның, Африканың және Еуропаның көптеген өлкелерін қоластына қамтыған Осман түріктері империясының мемлекеттік құрылымы.

Демек, байырғы түркі және қазақ өркениетінен бастау алған мәдени байланыстар планетамыздағы халықтар мәдениеттерінің дамуына елеулі дәрежеде пайдалы ықпалдарын тигізді. Аталған мемлекеттердің басқару құрылымында болған халықтардың әдеби тілдерінің құрамына көптеген түркі (қазақ) сөздері енді. Аталық және аналық тектері түркілік әулеттерден шыққан еуропалық және азиялық көптеген ақын-жазушылар, ғалымдар шоғыры бүкіл әлемге аян болып танылды. Бұл — тарихтың деректі шындығы. Әрине, түркі (қазақ) өркениетінің даму желісінде ислам діні мәдениетімен тоғыса толысу құбылысының болғаны да анық. IX-XII ғ.ғ. арасында араб халифатына кіретін халықтарға ислам дінінің таралуына байланысты Азия мен Еуропа, Африка құрлықтары халықтарының сөз өнеріне Шығыстың фольклоры мен әдебиеттері, олардың классикалық дәстүрлері араласа бастады. Араб, парсы, түркі халықтары поэзиясындағы дәстүрлі тақырыптардың сарындарымен (махаббат, табиғат, көңіл-күй лирикасы) жырлау Еуропа әдебиеттерінде кеңінен таралды. Әлем халықтарының әдебиеттерін оқу арқылы жалпыадамзаттық рухани құндылықтар игеріледі.

Азия, Африка, Еуропа, Америка, Австралия құрлықтары қаламгерлерінің XIX-XX ғ.ғ. шығармалары — әлем халықтары мәдениеттерінің бұған дейінгі дамуының заңды жалғасы. Тілдері, діндері әр түрлі халықтардың әдебиеттерінің тандаулы үлгілерін оқу арқылы адамзат мәдениетін игеруге мүмкіндіктер жасалады. Көркем шығармалардың идеялық-композициялық, көркемдік сипаты арқылы халқымыз барлық адамдарға ортақ ішкі жандүниенің психологиялық құбылыстары мен сыртқы қоршаған әлеуметтік ортаның, табиғаттың өзара байланысқан күрделі құбылыстарын, қозғалыстарын тереңдей тани бастайды. Яғни әлем

халықтарының әдебиеттері — дүниежүзінің барлық түкпірлеріндегі адамдардың ортақ рухани мәдениет қазынасы.

Қазақстанның тәуелсіздігі салтанат құрған жаңа тарихында біздің ұрпақтарымыз әлем халықтарының мәдениетін бұрынғыдан да терең, кең көлемде игереді. Қазақтың ұлттық рухани мәдениеті мен әлем халықтарының әдеби-фольклорлық мұраларын сабақтастыру арқылы біз өсу, кемелдену биіктеріне өрлей береміз. Қазақстандағы шәкірттерге арналған “Әлем әдебиеті” (XIX-XX ғ.ғ.) атты бұл хрестоматиялық оқу құралы біздің қазақ тілінің поэтикалық мол мүмкіндіктерін таныта алады. Яғни осы оқу құралына енгізілген әлемнің әртүрлі елдерінің ақын-жазушыларының туындылары көркем аударма өнерінің ерекшеліктерін аңдатады. Аудармашы қаламгерлер түпнұсқа шығармалардың негізгі авторлық бояуларын толық жеткізу үшін қазақ сөздерінің бай қорын шеберлікпен қолданған. Оқу құралындағы мәтіндер аудармашы ақын-жазушыларымыздың да суреткерлік тұлғаларын байқатады. Әрине, түпнұсқа авторларының өздеріне тән шығармашылық әлемі кітаптағы туындылар арқылы танылады.

Қорыта айтқанда, әлем халықтарының әдебиеттері шәкірттердің ұлттық дүниетанымын байыта түседі. Ұлттық сөз өнеріміздің де көркемдік арналары әлем халықтары әдебиеттерімен сабақтаса дамуды жалғастыра береді.

*Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор*

ЕУРОПА ҚҰРЛЫҒЫ ӘДЕБИЕТТЕРІ

Мұхтар Әуезов:

“Физик пен химиктің біліктері көркемөнердің жаңа дәуіріне апаратын жолдың жасырын кілтін тауып беретін көмекшілер емес. Адамның жан дүниесін жеке бейне арқылы жан-жақты терең етіп ашып көрсетіп беретін де ол емес. Осы соңғы міндетті ада қылатын тек көркемөнер, сондағы Данте, Шекспир, Сервантес, Гете, Толстойлар... Бүгін біздің алдымызда тұрған міндет солайша ғасырлар бойлап атой бергенде біздің заманның геройларының аттары да Дон Кихот, Гамлет, Фауст, Болконскийлер аттарымен қатар тұруға жарауында. Көркемөнердің өзге саласының өкілдері ренжімесін, бұл жөніндегі бірінші сөз әдебиеттікі” (“Космос дәуірінде әдебиетті қайтпекпіз?” атты мақаласынан. М.Әуезов. 20 томдық. 20-т. 422-б.).

ГЕРМАНИЯ ӘДЕБИЕТІ

ВОЛЬФГАНГ ИОГАНН ГЕТЕ (1749-1832)

Немістің жаңа бағдарлы әдебиетінің негізін қалаушы, ойшыл ақын. Шығармаларында жеке адам мен қоғамдық-әлеуметтік құрылыс арасындағы қарама-қайшылықтарды философиялық мағыналық астарлармен жырлады. Гете табиғаттағы барлық тіршілік иелерін біртұтас қозғалыс қалпында бейнелейді. Шығармалары “Жас Вертердің азап шегуі” (1774) сентиментальды романы; “Римдік элегиялар” (1790), “Батыстық-шығыстық диуан” (1814-1819), “Поэзия және шындық” (1811-1833), “Вильгельм Мейстердің оқу-үйрену жылдары” (1795-1796), “Вильгельм Мейстердің жиһан кезген жылдары” (1821-1829), “Фауст” (1808-1832) — трагедиясы — күрделі философиялық туындылар.

Жаратылыстану негізіндегі философиялық еңбектері: “Өсімдіктер метафорфозы туралы тәжірибе” (1790), “Гүл туралы ілім” (1810).

Гете шығармаларын қазақ ақындары Абай, Мағжан және т.б. көптеген қаламгерлер қазақшаға аударды.

АЙҒА (1769)

Сінлісі Күннің — Айысың,
Назсың бір жүн жабығып,
Күміспен шеккен шәйісің,
Тұрасың тұман жамылып.
Жетер тек түнгі қиядан
Аяқты кербез басқаның.
Құс кетсе таңда ұядан
Оянған мен бір қасқамын.

Шоласың жаһан аумағын,
Соқпағын кезіп, қияның.

Келсе де кеткім төрк етіп,
Сол қызға сорлап тұтылам.

Аяшы, дос-ау, құтқаршы,
Болдым ғой мезі мекерден;
Ортеке болып итаршы,
Жүрмін ғой билеп бекер мен.
Жалаймын сайқал табанын,
Сыйқырлы торда жүдедім.
Ауыры-ай, өсек, табаның!
Сүймеші, сүйме, жүрегім.

ТАТУЛЫҚ ЖЫРЫ (1775)

Достар-ау! Ләззат, шараптан
Бой қызған мына ыңғайда
Достықты мәңгі мадақтап
Шырқайтын бірге жыр қайда?
Шалқытып тойын өмірдің
Отырсын шаттық құдайы,
Маздаған тату көңілдің
Көзесін отын ұдайы.

Жаңа бір жылу жалындап,
Жүрекке жүрек жарасты.
Аңқылдақ көңіл арындап,
Таратайық таза шарапты.
Алдағы тосқан достыққа
Арнайық, көне, тостарды.
Не жетсін көңіл хоштыққа,
Ұмытпа ескі достарды!

Достықтан артық не қымбат
Тұрғанда баста байлығың?
Бағасы бәһра ол құрбәт,

Ол барда азат ай-күнің!
Қосылып салған ән қандай,
Жүректер жақсы-ау жарасқан!
Адыра қазір қалғандай
Бақастық баққа таласқан.

Құдайлар бізге сыйлаған
Көреген, жіті көз ашық,
Кедергі — бөгет қираған
Алдымыз даңғыл, жол ашық.
Тартайық алыс шалғайға,
Еркіндік әнін бастайық.
Жадылық, жалған мұндайда
Жараспас, бәрін тастайық!

Басайық қадам қаттырақ,
Жолымыз кетсін кеңейіп.
Жанарда жалын атқылап,
Шаттана кеуде керейік.

Күл болсын дүние, мейілі,
Кір түспес одан көңілге:
Достардың тату пейілі
Өшпейді мәңгі өмірде!

ТЕҢІЗ САЯХАТЫ (1776)

Жүк тиеулі тұрды кемем, жел күтіп,
Тұрды біраз. Ал мен көрі достармен
Зығырданды тоғыттым-ай шарапқа
Жағасында теңіздің.

Достарым да менен бетер тықыршып,
Дейді бәрі: “Алыс сапар оң болсын!
Қазына-мүлік мол ғой жетсең жат елге;
Аман-есен келсең, біз де құшақтап,
Саған сыйлық тартамыз”.

Ертеңіне шын дүрбелең басталды.
Тұрды ұйқыдан мәз-мейрам боп теңізшің,
Байыз-баян табар емес асығып
Таңмен бірге шығу үшін сапарға.

Желкен біткен желпілдейді жел керіп,
Шомылып күн шұғыласына шалқиды.
Самға, желкен! Көкте, бұлттар, самғандар!
Артта достар көңілді әнді шырқайды.

Жырлайды олар алыс сапар шаттығын,
Ең алғашқы түннің жарық жұлдызын,
Біз жағадан кеткен күнді жырлайды.

Бірақ, ойбай! Қу құдайдың жел-сөрі
Тура жолдан тайқытады кемені,
Кеме де оның көнгендей күш-ырқына;
Бірақ, сорлы-ай, желден қулық асырып,
Тар кешуде таяр емес бағыттан.
Кенет меңіреу, қорғасындай қиырдан
Жетті теңіз дауылының үні сәл.

Төнді құстар баурын төсеп толқынға,
Жұрттың тегіс кетті түсіп еңсесі.
Соқты-ау сосын! Қарсы келмей долыға,
Теңізшілер желкендерін жинады;
Дауыл, толқын зәресі ұшқан кемені
Қақпақыл ғып ойнады.

Жұбай-жора сонау алыс жағада
Жаны қалмай, зәре-құты тұр ұшып:
Үйде отырса болмады ма, ойпырмай!
Дауыл долы! Ұшты-ау бағы басынан!

Сұм ажалдың жеткен жері осы ма?
Неге шықты бұл сапарға? Жасаған!

Ал ол болса бұлқында тұр мізбақпай;
Кемесімен толқын, дауыл ойнайды,

Жел, толқынға селт етпейді жүрегі.
Батыл қарап астан-кестен түнекке,
Тұр тапсырып өмірі мен өлімін
Құдіретіне тәңірінің.

ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП (Абай аудармасы, 1780)

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол дағы
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыңшығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

МАХАББАТ ӘЛІПШЕСІ

Махаббатың әліпшесі — шырын бал,
Кітаптардың төресі екен шынында.
Оқыдым мен әр бетіне зер салып,
Миллион бет таусылмайтын мұңын да,
Тек, бес беттік ләззәт тұнған сырын да.
Айырылысу — бөлімдерге бөлінген.
Кездесулер үзіндімен берілген...

кіп-кішкентай тарауда.

Қайғының бір томы бар
Ұзақ-сонар бітпейтіндей көрінген,
Түсіндірме-беттері де терілген.,
Беу, Низами! Қасиетті сөздерің.
Айтар дейсің тек өзіңнен өзге кім?
Бұл түйінді шешетұғын кім екен?
— Ешкім де емес. Ғашықтардың өздері.

ҚУЫЛҒАН ЖӘНЕ ҚАЙТА ОРАЛҒАН
ГРАФ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА
(1813)

“Кел, жыршы, күйлендіріп аспабыңды,
Оңаша үйімізде баста жырды.
Анамыз намазында, есік берік,
Келмейді ешкім мұнда, таста мұңды.
Әкеміз анды қуып әуре мүлде,
Айт бізге оңашада бір өңгіме
Екеуміз сол жырыңды жаттайық бір”, —
Дегенде жыр басталып, шалқыды саз,
Балалар бола қалды осыған мәз.

“Кенет жау кең ордасын бір-ақ басты,
Үйінен жарым түнде граф қашты.
Бүркей сап қазынасын қорқып-сасып,
Сүрлеумен қараңғыда қадам басып,
Құпия есікті бір барып ашты.
Қалғанда артында көп нелер жиһаз,
Құшақтап келе жатыр нені сабаз?
Ұйқыдағы қызын келеді алып...” —
Осыған қуанысып балалар мәз.

“Таң атты, кең көрінді оған ғалам,
Ақ түтін селолардан бұлғандаған.
Графты паналатты күңгірт орман,
Көп жылдар өтті тастап күйік, арман.
Ағарды сақал-шашы бұйраланған.
Шалдырмай үскірікке болғанда аяз,
Тигізбей ыстық желге болғанда жаз.
Өсірді плацка орап жалғыз қызын”,
Осыны естігенде балалар мәз.

“Зымырап өтті жылдар, тағдыр билеп,
Шапан да, шал да солай тозды күйреп.
Нөсерден сақтар қызын енді қайтып?
Бірақ та қарт жүрегін шаттық билеп,
Қызының қызығына басын имек...
Құлпырып өсті қызы көркі бір жаз,

Сол байлық, оған жетпес барлық жиһаз.
Мақтаньш көрді қызын әке байғұс”.
Осыны естігенге балалар мәз.
“Бай-князь кездестірді шал мен қызды,
Садақа сұрады қыз, балғын жүзді.
Көрсетпей қайырымды жыршы шалға,
Қызының қолын қысты, болып ізгі.

“Сені мен өкетемін!” — деді князь,
Шал сорлы деді: “Тақсыр, айтамын наз!
Сенімен егесуге қайратым аз,
Қызымды қидым саған, үйлен өзің”.
Балалар осыған да болыпты мәз.

“Шіркеуде болды сәті неке-қияр,
Қамығып қыз басында жортты қиял.
Жан-жаққа жаутандады, әке қайда,
Әкенің сағынышын қайтіп тыяр?
Қызына хабар жетті бір күн бірақ,
Қаңғып қарт жүрген екен елден жырақ.
“Арманым — жалғыз қызым, жиендерім,
Оқыдым сендер үшін тілек — намаз!” —
Дегенде бола қалды балалар мәз.

Құшуға жиендерін ұмтылды шал,
Есіктен дүбір шықты
“Әкем шығар.
Тығыл қарт!”. Қайда кетсін шал бишара,
Бажылдап қалды князь “Саған не бар?
Шошытты ұлдарымды мынау кезен,
Зынданға апарыңдар, бұғауландар!” —
Деп шалға түйілгенде сұсты князь,
Анасы келе қалды рахым тілеп,
Балалар қуанысып осыған мәз.
Нөкерлер тұрып қалды кілт аңырып,

Сорлы ана қытымырға тұр жалынып,
Үрейлі екі бала жаутандады,

Осыған ашу қысып, сұм тарылып,
Ақырды: “Затсыз,
Тексіз азғынсындар,
Арыма дақ салуға мәз құсындар.
Кетіндер, өулетіңе жаным араз!”
Балалар бұған тіпті болмады мәз.

Сұстанды қартың сонда, қайраттанды,
Нөкерлер қорқынышты ойлап қалды.
Болды бұл жау отына май құйғандай
Ашулы князь қайта айбаттанды.
“Осының қызын алып өурелендім,
Шірік тал бұдан қандай мәуе көрдім?
Затсыздан затсыз туар деген екен,
Бұларға душар болды мендей маңғаз”.
Балалар бұл сөзіне болмады мәз.

“Не деп тұр, жиендерім, мына залым,
Кемітіп өз ұрпағын, алған жарын?
Тап осы қайыршы шал қамаудағы,
Сендерге қайтарады қазір бәрін.
Менікі күллі мүлік сен тонаған,
Өз ордам, енді рақат болар маған,
Разымын, жиендерім, жалғыз қызым,
Сендерге болды мирас, мынау жиһаз” —
Дегенде бола қалды балалар мәз.

“Тағына ескі король қайта мінді,
Өзіне өшкен бақыт қайтарылды.
Сендерге сыйламақтың бар мүлкімді,
Көңліме қуанарлық жай табылды.
Ал күйеу, сен де енді кеуденді жаз,
Тектіден ерек туған мен де сабаз,
Қанында ұлдарыңның асыл қан бар,
Ер жетер ардагер боп жас ұландар!”
Осыған алақайлап балалар мәз.

ПРОМЕТЕЙ (1774)

Уа, Зевс!
Жап көгінді,
Бұлттардың будағымен.
Сал ойнақты
Мейлің, жанқадай ұшыр,
Тау мен теректі түйдегімен.
Тек қана жерім менің
Мызғымай тұрса болды.
Сен орнатпаған хұжырам,
Аман-сау қалса болды.
Сенің ішің күйсін деп,
Өзім тұтатқан
Өз ошағым жанса болды!
Уа, өлмейтін рухтар,
Күн астында көрмедім
Тап сендердей сорлыны!
Ғазиздер-ау, сендердің
Нәрсіз, күнсыз жемдерің
Тек құрбандық шалынған,
Тек мәнәжат табынған.
Құрысандар ғой аштықтан!
Ақымақтар нанбас еді сендерге,
Бишара мен сәбилер
Сенбес еді сендерге.
Ал өзім бала шағымнан
Қаңғырдым да дүниеде,
Қарадым ылғи күнге тек.
Сонда бір естір құлақ бар ғой деп,
Арызымды есіркер
Менікіндей жүрегі де бар ғой деп,
Мүскіндерді мүсіркер.
Сонау қаһарлы құдайлардан,
Кім мені қорғаған?
Ажал менен құлдықтан
Кім мені құтқарған?
Сен емес пе,

Әулие отты жүрегім,
Баршасынан сақтаған?
Және сен ғой,
Алданған ізгі жүрегім.
Уа, Зевс!
Саған тағзым етем бе,
Не үшін?

Қат-қабат болған азапты,
Азайттың ба, сірә, сен?
Қорқыныштан аққан көз жасты,
Құрғаттың ба, сірә, сен?
Мені қайсар ер ғып шындаған.
Сен емессің,
Ол — құдіретті уақыт,
Мәңгілікті зор тағдыр — ол ие
Саған да әм маған да.
Өмірге қас бол —
Демексің бе, сен маған?
Мен жапан дүзге жүргірдім
Қырға біткен көп гүлдің
Нәрсіздігін көрдім де.
Мұнда жер бетінде,
Адамзатты өсірем
Өз қалшымша, өзімше.
Маған тартқан ұрпағым,
Қасірет шексін, зар төксін,
Қуана білсін, күле білсін.
Сені, құдай, жек көрсін,
Тап өзімше!

“БАТЫС-ШЫҒЫС ДИУАНЫНАН”

ЫИЖРА
(1814)

Теріскей, Күнгей, Түнжақта
Патша жоқ, тақ жоқ бұл уақта,

Аттан сен алыс Шығысқа,
Ауамен көне тыныста,
Махаббат, шарап, жыр елін
Жаңғыртып, тірілт жүрегін.

Пендесі хақпен тілдескен,
Сұхбатпен сұлу күн кешкен,
Азат боп елі шер, дықтан,
Төңірінің нұрын жерде ұққан,
Сөзін ұқ сонда нәбидің,
Қалпына түсіп сәбидің.

Дініне берік затында,
Көнбейтін көлгір ақылға,
Саф таза, сара тіл деген,
Өйткені жазу білмеген.
Дұшпаннан айыл жимайтын
Елді көр қартын сыйлайтын.

Қой бағып қаңғыр дүзінде,
Саяла шынар түбінде,
Ындыны кепкен шілтерде,
Сокпақсыз шағыл құм жерде
Жібек пен жұпар, кофе артып,
Керуенді баста жол тартып.

Тарлауда, тайғақ сүрлеуде
Шырқатып өлең, кер кеуде,
Шалқайып түйе қомында,
Хафизді айт түнгі жолында,
Жұлдыздар көкте дірілдеп,
Ұрылар безсін біріндеп.

Моншада, тойда, айттағы
Хафиздың жырын айт тағы,
Паранжы жапқан нұр жүзін
Айнытпай танып үр қызын,
Қадалып лағыл ерінге,
Еліттір көрген жерінде.

Аулақ кет, аяр мекер кіл,
Тұратын ақын мекен — бұл,
Жыр шалқып енді кетеді,
Жаннатқа барып жетеді,
Есігін жайлап қағады.
Өшпейтін өмір табады.

ХАФИЗГЕ (1818)

Қайран Хафиз! Қайтіп саған тең келем?
Мынау неткен сандырақ!
Ұшқыр қайық шырқар құстай желменен,
Айдын жарып жарқырап.

Желкен шалқып, жүйткір әрі қасқайып,
Батыл қайық, бас қайық.
Ол шегінбес сұрапылдан жасқанып,
Өрге жүзер қасқайып.

Сенің жырың кейде өзендей ағынды,
Сусын берер қандырып,
От толқындай кейде шашар жалынды,
Жүрегімді жандырып.

Жайнашы таң, құдіретті пішінде
Медет берші маған да,
Елестейді жарқын өлке, түсімде
Құмармын сол ғаламға.

(1814)

Ұсынып өзінің тек атын алға
Өзіне тең бар дейтін ақын бар ма?
Сыйлап бір сырнайшы да, тәлім тұтып,
Өзінен асқан бар деп мақұлдар ма?
Шындық қой мұнысы да, көз салып көр
Өзгені зор тұтқаның — өзіңе сор.

Ұсынсаң өмір жолын өзгелерге,
Өмірде өзіңе тек кезігер тор.
Көрдім мен талай шенді ұлықтарды,
Күндейтін бірін-бірі бүлік жанды,
Құлмақты құмалақтан айырмайды,
Жасауға шебер түрлі қылықтарды.
Сақтауға тозған абырой, шірік істі,
Кемітер олар жаңа сыпырғышты;
Ал жаңа сыпырғыш та мансап үшін,
Мән бермес ескілікке, сыры күшті.
Бір-бірін халықтар да сөгіп, тілдеп,
Мұқатып жүрген жоқ па қастық тілеп.
Білсейші халық біткен, бөрінде де
Ежелден бір емес пе мақсат-тілек.

ПӘТУА (1815)

Хафиздің шайырлық тұлғасы —
Саф кемел шындықтың шың басы,
Дегенмен, бағзыда жарықтық
Кетеді-ау жоқ жерде ауытқыш,
Дұрыс қой айыра алғаның
Жыланның уынан бал дәмін;
Кіршіксіз күнәсіз ләззатты
Тайсалмай, құмарта татқаның,
Ал мәңгі азабы бар затты
Тәрік етіп, қолыңмен қаққаның;
Игілік жолы — осы, шүбәсыз, —
Деп сорлы Әбусуд жазыпты;
Ол бұған болса да жазықты,
Кеш, құдай, байғұстың күнасын!

ЗЫЛИХАҒА (1815)

Төгемін деп толқын жұпар,
Алқына алған демдеріңе,
Азап шегіп, болып іңкәр,
Жүз гүл солды шөлмегінде.

Саусағындай бүгіп тұрған,
Құтыдағы өтір үшін,
Сансыз ғашық болып құрбан,
Сансыз боздақ тартты қысым.

Өмірлері тұрған гүлдеп,
Нелер сабаз толықсып бір, -
Бұлбұл үнін жұтамын деп,
Дәмеленді талықсып құр.

Жоқ, жылама, той жасармыз,
Біз солардың жан-зарынан.
Қырылды ғой жандар сансыз
Ақсақ Темір қанжарынан.

ХАФИЗГЕ

Ләззатқа құл, — деп — тахт, тозаң,
Тәтті, — деп, — соры құлдықтың,
Таппаған халық таптың заң,
Түсіндің сырын тірліктің.

Қинайды бұғау, қысады:
Алмасып шипа, азабы,
Қара жер біреу кұшады,
Арсыз боп біреу азады.

Зифамды көріп қалғанда
Алдымнан шыққан асығыш,

Тіл қатсам қопал, аңғал да,
Дей көрме, Ұстаз, асылық.

Көгалды басса кебісі,
Шықпайды-ау сірә бір сыбыс.
Көз бен сөз қандай! Келісі
Керілген кербез Күншығыс.

Көрдің бе? Толқын бұрымы
Толқиды бұрқап бетінде,
Мойны мен жағын тұлымы
Желпиді желдің өтінде.

Тандырар естен біріндеп
Оймақтай ауыз, ақ маңдай,
Оқисың дұға күбірлеп
Жыр бұрқап жанда жатқандай.

Ерінің көзің шалғанда
Қайран боп, жаннан күсесің:
Азат боп кенет жалғанда,
Бұғауға қайта түсесің.

Демінді кері жұта алмай,
Ділге діл құлаш сермейді,
Бақыт бір нәзік жұпардай
Кеуденді кеулеп кернейді.

От болып денең, жанасың!
Шарап құй! Бол тез, жүгірмек!
Қалдырмай тамшы қағасың!
Жаңасын әкел, кідірме!

Тосады шәкірт ақырын:
Мас кезде мінсіз кемелсің.
Түсінді ол Ұстаз ақылын,
Тұңғық неткен тереңсің!

Әлемнің сырын ол ұқты,
Самғап жүр көкте енді ол.
Мұрт тепсіп, жаны молықты,
Жігіт боп шыға келді ол.

Сен болсаң, міне осындай,
Қаусырдың жан мен жаһанды,
Сезімпаз, дана досындай,
Бересің ымдап батанды.

Тайсалмай уәзір, шаһқа кеп,
Такаббар ұстап өзінді,
Қазынаны елден тықта, - деп,
Айтасың ақыл сөзінді.

Ой, жырдың жүрсің көгінде,
Ас пен той сенсіз тола ма!
Кермек те тәтті өмірде
Бастай бер бізді молаға.

ТАҚУА ЕРЛЕР Мұхаммед айтқан (1815)

Өлгендерге дұшпан жылап-сықтасын,
Енді олардың білем көрден шықпасын.

Мұсылмандар барады тек жаннатқа,
Біз жатпаймыз еңіреп сосын зарлап та.

Жеті жұлдыз оларға нұр шашады,
Алдарынан алтын қақпа ашады.

Олар жауша жатпай шіріп зиратта,
Ару жаны сая табар гүл бақта.

Жаны жадырап қарайды олар жерге кең.
Баяғыда оны мен де көрген ем: